

«А.Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей-мектеп» ММ
Қамқоршылық кеңес хаттамасы № 5

05.09.2020 жыл

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде:

1. 2019-2020 оқу жылына Қамқоршылық кеңес жоспарын бекіту
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345, Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 және 2020 жылғы 28 тамыздағы №ҚР ДСМ -98/2020 бұйрығымен таныстыру
3. «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

Сөйлеген: Кеңес төрайымы: С.Макина

2020-2021 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жоспарын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345, Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 және 2020 жылғы 28 тамыздағы №ҚР ДСМ -98/2020 бұйрығымен таныстыру және жаңа оқу жылында атқарылатын жұмыс жоспарын бекіту үшін жиналыс отырғаны туралы сөз алды. Қамқоршылық кеңесінің соңғы отырысында қаралған 01.08.2018 – 30.09.2018 аралығындағы «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясының өткізілуін ұйымдастыру Қамқоршылық кеңесі бақылауында болатыны туралы, оған демеушілерді тарту арқылы жұмыстың ретін түсіндіріп өтті.

Сөйлеген: Кеңес төрайымы: С.Макина

Қамқоршылық кеңесте көп балалы, толық емес отбасы балаларына көмек көрсетуге ауыл азаматтарын, мектеп тұлғаларын, кәсіпкерлерін акцияға қатысуға шақырамыз керек. Ол үшін әр біреуіне жеке жолығып, акция туралы мәлімет беріп отыруымыз керек деп ойлаймын және осы ретте отырған кеңес мүшелері бір болып шешім шығарайық деген ойын жеткізді.

Сөйлеген: Кеңес мүшесі: М.Абелдинова

01.08.2020 – 30.09.2021 аралығындағы «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы өтуде. Акцияның негізгі мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмек көрсету және мектепке көрнекі құралдар мен киімнің болмауы салдарынан балалардың мектепке бармай қалуының алдын алуда қайырымдылық танытып, көмек беретін тұлғаларға мектептің әлеуметтік жүйелері арқылы шақыру керек деп ойлаймын. Мектеп бойынша «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын өткізу жоспары құрылды. Мәскеу аудандар бойынша рейдтер жүргізілді. 1 - тоқсанға күн көрісі төмен отбасынан 13 бала тіркелді. Ата-ана құжаттары толығымен тапсырылды.










Сөйлеген: Кеңес төрайымы: С.Макина

Қамқоршылық кеңесте көпбалалы, толық емес отбасы балаларына көмек көрсетуге ауыл азаматтарын, мектеп тұлғаларына, кәсіпкерлерге акцияға қатысуға шақыруымыз қажет. Осы қамқоршылық кеңесінің ұйымдастыруымен Бірінші қыркүйек күні ауылымыздың «Ағайын» ШҚ-ның кәсіпкері Құсайынов А.Қ., «Береке» ШҚ-ның кәсіпкері Ахметов Е.А.,

мектеп түлегі Ахметов Д. мектептің «Домбырам-асыл мұра» атты домбыра кабинетінің ашылуының безендіруіне және домбыралармен қамтамасыз етуіне демеушілік көрсетті. Ауыл әкімшілігі тарапынан және ауыл азаматтарының демеушілік етуімен бастауыш сыныптың 15 оқушысына оқу құралдарын , сондай-ақ, Ақсу қаласының жеке кәсіпкері Р.М.Салахатдинова 28 оқушыға аяқ киімдер алып оқушыларға таратылды.

Шешім:

1. 2019-2020 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.
2. «Мектепке қосымша ақпарат аясында күнкөрісі төмен отбасыларға көмек көрсету жұмыстары жүргізілсін.
3. Мектепке дайын емес оқушылар анықталсын. Кеңес мүшелері қатыстырылсын.

Кеңес төрайымы		С.Мәкена
Кеңесінің орынбасары		Н.Жайтауова
Хатшысы		А.Рүстемханова
Кеңес мүшесі		Хайруллина А.Е
Кеңес мүшесі		Б.Жумадилов
Кеңес мүшесі		М.Абельдинова
Кеңес мүшесі		Ж.Байдильдина
Кеңес мүшесі		М.Асқарова
Кеңес мүшесі		С.Ш.Жунусов